

№8 ХАТТАМА

Өткізілген күні: «20» наурыз 2026 жыл

Қатысқандар:

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Дене шынықтыру сабағының берілу жағдайы.
2. Электронды журналды кіру мониторингі: ҚББ "bilim clas" электрондық журналын жүргізу, факультатив және үйірмелер бойынша журналдардың уақытында жүргізілуі.
3. Үйден оқытудың ұйымдастырылу барысы.
4. Бастауыш сынып пәндері бірлестігінің есебі.

I. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Татиева К.Ш. сөз алды. Ол дене шынықтыру сабақтарының мемлекеттік бағдарламаға сай берілу жағдайына тоқталды. Оқушылардың сабаққа қатысу деңгейі, спорттық киіммен қамтылуы және спорт залының қауіпсіздік ережелеріне сәйкестігі туралы баяндады. Сабақтардың сапасын арттыру және оқушылардың белсенділігін жоғарылату бағытындағы ұсыныстарын білдірді.

Екінші мәселе бойынша Қуанышева Г.Б. және Саламат Ж.Қ. хабарлама жасады. Олар ҚББ "bilim clas" электрондық журналының жүргізілу мониторингімен таныстырды. Пән мұғалімдерінің журналға кіру жиілігі, бағалар мен үй тапсырмаларының уақытылы қойылуы тексерілгенін айтты. Сонымен қатар, факультативтік сабақтар мен үйірмелер бойынша журналдардың да реттеліп, уақытында толтырылуы бақылауға алынғанын жеткізді.

Үшінші мәселе бойынша жетекші мамандар сөз сөйлеп, денсаулық жағдайына байланысты үйден оқитын оқушылардың білім алу процесіне талдау жасады. Сабақ кестесінің сақталуы, мұғалімдердің үйге барып (немесе онлайн) сабақ беру сапасы және оқушылардың үлгерімі тұрақты бақылауда екені айтылды.

Төртінші мәселе бойынша Аубакирова А.А. және Жамбыл А.С. Бастауыш сынып пәндері бірлестігінің атқарған жұмыстары туралы есеп берді. Токсан ішінде өткізілген ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар және оқушылардың білім сапасының көрсеткіштері туралы мәліметтер ұсынылды.

ШЕШІМ:

1. Дене шынықтыру сабақтарының сапасы мен қауіпсіздік техникасының сақталуы қатаң бақылауда қалдырылсын.
2. Пән мұғалімдері мен үйірме жетекшілеріне "bilim clas" электронды журналдарын күнделікті және уақытылы толтыру міндеттелсін. Кемшіліктерді жою мерзімі ретінде 3 күн белгіленсін.
3. Үйден оқыту бағдарламасының жүзеге асырылуы бекітілген кестеге сай жалғастырылсын.
4. Бастауыш сынып әдістемелік бірлестігінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп танылсын, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жұмыстары күшейтілсін.

Мектеп директоры  Г.С.Алиева

Хатшы  Г.Н.Жакыбаева